6+

# Magjan juldyzy

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 4 (803) 25 қаңтар 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕТІ АУЫЛДЫҢ ӘКІМІ САЙЛАНАДЫ



**2024 жылдың 25-ші ақпанында Солтүстік Қазақстан облысының жеті ауылдық округінде әкімдердің сайлауы өтеді. Ол «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес ұйымдастырылады.**

Сайлау жеті ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерінің аяқталуына және мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өткізіледі. Өз әкімдерін Мағжан Жұмабаев ауданындағы Авангард ауылдық округі, Қызылжар ауданындағы Якорь, Рощинск ауылдық округтері, Мамлют ауданындағы Дубровное ауылдық округі, Ғабит Мүсірепов ауданындағы Бірлік, Чистопол ауылдық округтері және Уәлиханов ауданындағы Амангелді ауылдық округінің халқы таңдамақ.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## СУ ТАСҚЫНЫН АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА



**Облыстық әкімдікте көктемгі су тасқынының алдын алу мәселесі қаралды. Өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетовтың төрағалығымен өткен жиында елдімекендерді су басып қалмау үшін кешенді жұмыстар жоспары таныстырылды.**

Солтүстік Қазақстандағы 87 ауылды су басуы мүмкін. Себебі, биыл өңірде қар қалың жауды. Сондай-ақ оның құрамындағы ылғалдың мөлшері нормадан бірнеше есе көп. Әрі қатты аяздың салдарынан жердің тоңы бір метрге дейін қатып қалған. Яғни, күн күрт жылынса, еріген қар суы сіңбей, жан-жаққа жайылуы ықтимал.

«Казгидромет» мамандары күніне екі мәрте Есіл өзініне шығып, мұздың қалыңдығымен ағыстың жылдамдығын өлшейді. Әрі ауылдарды аралап, қардың тығыздығын тексереді екен. Синоптиктердің айтуынша, кей жерлерде ақ ұлпа құрамындағы ылғалдың мөлшері былтырға қарағанда алты есеге көп.

«Биыл өңірде қар кеш жауды. Ал оның құрамындағы ылғалдың мөлшері шамадан тыс жоғары. Бұл -көктемде су көп болады деген сөз. Дегенмен біз наурыз айында нақты гидрологиялық болжам жасайтын боламыз», -дейді «Қазгидромет» МКК СҚОФ директоры Қымбат Мерғалымова.

Өңірде қараша мен желтоқсан айларында жаңбыр жауды. Салдарынан жердің беті 121 сантиметрге дейін қатып қалған. Сондықтан құтқарушылар 87 елді мекенді қатаң бақылауға алды. Олардың көбі су қоймаларының маңында орналасқан. Аталған ауылдарда бүгінде бес мыңнан астам адам тұрады.

«Ақпан айынан бастап, біз дайындық жұмыстарын күшейтетін боламыз. Жедел штаб құралады. Күн жылыған соң, өзен-көлдерде мұз жарамыз. Ұлттық ұлан сарбаздары мен полиция қызметкерлерінен 475 адамнан тұратын арнайы құрам жасақталады. Бұдан бөлек, 135 техника бүгінде дайын», – деді ТЖД бөлімі бастығының міндетін атқарушы Ернар Рүстем.

Қаңтар, ақпан, наурыз айы да жауын – шашынды болады деген болжам бар. Сол себепті жергілікті атқарушы билік өкілдері қар шығару жұмыстарын күшейту керектігін ескертеді. Осы күнге дейін ауылдардан 215 мың текше метрден астам ақ ұлпа шығарылған екен.

## 2024 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЕРЕЙТОЙЛАРЫН АТАП ӨТЕМІЗ?

***2024 жылы Қазақстанда көптеген тарихи тұлғалардың мерейтойлары атап өтіледі.***

Олардың қатарында белгілі жазушылар, ақындар мен ағартушылар бар. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Осы жылдың айтулы күндерінің бірі – балалар жазушысы, ақын, сценарист Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы болмақ.

Сондай-ақ қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан белгілі жазушы, аудармашы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толады. Өз заманында ол «Қазақ КСР Халық жазушысы» наградасына ие болды.

Театр және кино режиссері, Қазақ КСР Халық әртісі Шәкен Аймановтың туғанына биыл 110 жыл.

Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушы Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толады.

Сондай-ақ айтулы даталар тізімінде – заманауи қазақ әдебиетінің негізін салушы, ақын, жазушы, драматург Ілияс Жансүгіров бар.

Ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығы атап өтіледі.

Жазушы, ақын, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына - 130 жыл.

Жазушы, ақын, драматург Жүсіпбек Аймауытовқа - 135 жыл.

Ақын, жырау, әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толар еді.

## ТҰРҒЫН ҮЙ, ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС. ОҢТҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІККЕ КӨШКЕНДЕРГЕ ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?




**Өткен жылы оңтүстіктен солтүстік өңірге 9 мыңға жуық тұрғын қоныс аударған. Оның ішінде 6492 -сі ел аумағында аймақ ауыстырғындар болса, 2337 қандас солтүстікке табан тіреген. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.**

Ел ішіндегі көші-қон «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы негізінде жүзеге асырылып жатыр. Жоба мақсаты өңірлер арасындағы еңбек күшін теңестіру.

2021 жылы Астанадан Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша қаласына қоныс аударғандар қатарында Құралай Масатбаева да бар. Ол Тайыншаға келгелі тұрмысы түзеліп, жеке кәсібін бастағанын айтты.

«Бастапқы әскери дайындық» мамандығы бойынша жоғары білімі бар Құралай 2023 жылы 1 млн 380 мың теңге сомасында мемлекеттік грант алып, шағын кондитерлік дүкенін ашқан.

«Көшкеннен кейін отбасымызға 612 570 теңге сомасында көшуге материалдық көмек берілді, сондай-ақ бізге қаладан мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үй берілді», деді қоныс аударушы.

Айта кетейік, Ұлттық жоба аясында қоныс аударушыларға мынадай мемлекеттік қолдау көрсетіледі:

- көшуге арналған субсидия – отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек;

- отбасы мүшелерінің саны мен елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 12 ай ішінде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ай сайынғы субсидиялау;

- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберу;

- жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

- экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру.

«Бұдан басқа өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге де тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылдаған әрбір қызметкері үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі. Өткен жылы барлық қоныс аударғандардың ішінде 4 158 адам еңбекке жарамды болып, оның 3 079-ы тұрақты жұмысқа орналастырылған, 164 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысса, 35 адам бизнес ашу үшін гранттар алды», делінген министрлік хабарламасында.

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ АВАНГАРД АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН 2024 ЖЫЛҒЫ 25 АҚПАНҒА ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданыныда 2024 жылғы 25 ақпанға Авангард ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.

2. Осы қаулы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

**Ю. ПОРТНЯГИН,**
**аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2024 жылғы 17 қаңтарда аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қаралды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округін құру туралы;
2. 2024 жылғы 25 ақпанға тағайындалған, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Авангард ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы;
3. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары туралы (Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына сілтеме - https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/586730?directionId=38324&lang=kk).

Өзге де мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сәйкес қаулылар қабылданды.

Қазақстан Республикасының азаматы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып сайлану үшін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып мыналар сайлана алмайды:

- соттылығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан төрт жыл мерзімге сайлайды.

Сондай-ақ кандидаттарға мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларда көзделген талаптар қойылады:

- азаматтың мемлекеттік қызметке қабылдануы мүмкін емес талаптар;
- осы лауазымға кандидаттың (санаты E-R-1) біліктілік талаптарына сәйкес келуі.

Әкімдікке кандидаттар мынандай тәсілдермен ұсынила алады:

- белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялардың өз мүшелерінің қатарынан. Бұл кезде саяси партия бір сайлау округінде тек бір кандидатты ұсынуға құқылы;
-дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кем дегенде 1 пайызының қолдауы болғанда өзін-өзі ұсыну жолымен.

Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне екеуден аз кандидат ұсынылса, онда аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін үш күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Бұл ретте аудан әкімі ұсынылған кандидаттар болмаған немесе ұсыну мерзімі аяқталатын күні бір кандидат қана ұсынылған жағдайда, жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісім бойынша тиісінше екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқылы.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсынылмайды.

**Аудандық сайлау комиссиясы.**

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АВАНГАРД АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 6 тармақшасына, 21 бабының 4 тармағына, 22 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Авангард ауылдық округі шекараларында - Авангард сайлау округі құрылсын.

2. Шекаралары көрсетілген сайлау округі және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы Мағжан Жұмабаевтың аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

**Ю. ПОРТНЯГИН,**
**аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

| № р/н | Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері | Телефондары, факстары | Аудандық сайлау комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| 1 | 150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты | Коды 8-715-31; тел./факс: 2-12-33 | Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы - Тұяқова Роза Рысбайқызы; Комиссия мүшелері - Ахметова Үлмекен Шаймұранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Крестина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылыққызы |

**Ю.ПОРТНЯГИН,**
**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ АВАНГАРД САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округ әкімінің сайлауы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард сайлау округін құру және олардың шекаралары туралы хабарлайды:

| № р/н | Ауылдық сайлау округінің атауы | Сайлау округі | Сайлау округі шекарасының сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| 1 | Авангард ауылдық округі | Авангард сайлау округі | Полтавка ауылы, Достық ауылы, Рощино ауылы |

**Ю.ПОРТНЯГИН,**
**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

| № р/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесінің орналасқан жері | Сайлау учаскесі шекараларының сипаттамасы | Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | № 208 | Полтавка а., Тахир Мұсаев к., 25А, орта мектеп ғимараты | Полтавка а. | Төрайым – Өтегенова Алма Назарбекқызы; төрайымның орынбасары – Полубояринов Юрий Эдвардович; комиссия хатшысы – Береговская Татьяна Васильевна; комиссия мүшелері - Клевакина Елена Викторовна, Ратушная Ольга Михайловна. |
| 2 | № 209 | Достық а., Мир к., 12, негізгі мектеп ғимараты | Достық а. | Төрайым - Сыздықова Мөлдір Серікқызы; төрайымның орынбасары – Өтегенова Құлбағира Ләтіпқызы; комиссия хатшысы – Нұрғалиева Гүлнар Тұяқбайқызы; комиссия мүшелері – Сыздықов Азамат Достайұлы, Толстых Зайра Назарбекқызы. |

**Ю.ПОРТНЯГИН,**
**Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

# БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ




***Үй шаруасындағы әйелдердің көбі маусымда әртүрлі көкөністерді, жемістерді, саңырауқұлақтарды герметикалық қақпақтармен жауып дайындайды. Консервіленген өнімдерді дайындау қағидалары сақталмаған жағдайда банкада өлім-жітімге әкелетін қауіп – ботулизм болуы мүмкін.***

Ботулизм – құрамында Clostridium botulinum бактерияларының уы (токсин) бар тағамдарды тұтыну кезінде туындайтын тағамдық улану. Ботулизм микробтары спора түрінде кең таралған. Споралар сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады, мұздатуға және кептіруге төзімді. Жемістер мен көкөністерге, азық-түлікке үй жануарларына арналған жемге немесе ағзаның ішектеріне (мысалы, балықтардың) түскен жағдайда споралар оттегі болмаған кезде вегетативті түрге айналады және токсин құрайды.

Токсин 80 градус температурада 30 минут ішінде, 100 градус температурада 10 минут ішінде бұзылады.

Ауру бірнеше сағаттан 5 тәулікке дейін дамиды. Науқас айналадағы адамдар үшін қауіп төндірмейді. Иммунитет қалыптаспайынша, қайта жұқтыру ықтимал.

Аурудың басталуы, әдетте, жіті болып келеді. Науқастар іштің ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, дене қызуының жоғарылауына, нәжістің бұзылуына шағымданады, содан кейін метеоризм, іш қату, іштің толуы, ауыздың құрғауы, бұлшықеттердің әлсіздігі , көру қабілетінің бұзылуы дамиды. Тек өнеркәсіптік дайындалған консервілерді тұтыну ботулизмнің алдын алудың ең дұрыс жолы болып табылады, үйде дайындалған консервілерді қолдан сатып алуға, бүлінген көкөністер мен жемістерді консервілеуге жол берілмеуі тиіс.

Консервіленген банкаларды ашпас бұрын оларды тексеру керек - ыдыста ботулизм қоздырғышы дамыған кезде түбі мен қақпаға ісінуі мүмкін.

Тағамды дастарханның үстіне қоймас бұрын азық- түлік өнімдері және кез келген консервілерді қайнату, пісіру, қуыру ботулизмнің, басқа да ішек ауруларының және тамақтан уланудың алдын алудың негізгі шарасы болып табылады.

**Күлсара ӘЛЖАНОВА,**
**аудандық саниятариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

# ҚЫЗЫЛШАНЫҢ АЛДЫН АЛУ



**Қызылша (лат.Morbilli) - өте жұқпалы вирустық инфекция, оны тек адамдар жұқтырады. Балада,ересекадамдааурыпқалуымүмкін.Көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар қызылшамен жиі ауырады. Қызылшаға қарсы егілмеген ересектер үшін инфекция қаупі де жоғары, олардың ауруы көп жағдайда балаларға қарағанда ауыр болады.**

1жасқадейінгінәрестелерқандааналықантиденелерді сақтауға бейім (егер ананың өзі қызылшадан қорғалған болса), бірақ бір жылға қарай олардың саны азаяды, сәйкесінше аурудың даму қаупі артады. Қызылша - бүкіл әлемдегі жас балалар арасындағы өлімнің негізгі себептерінің бірі болып қала береді. Өлім-жітімнің көпшілігі қызылшаның асқынуына байланысты. Көбінесе асқынулар 5 жасқа дейінгі балаларда және 20 жастан асқан ересектерде дамиды. Қызылша - сезімталдығы жоғары жедел жұқпалы ауру. Жұқпалылық индексі 100%-ға жуықтайды. Ауру жоғары температурамен, ауыз қуысы мен жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығының қабынуымен, конъюнктивитпен және терінің дақты-папулярлы бөртпесімен, жалпы интоксикациямен сипатталады.

**Инфекция қалай пайда болады?**

Қызылша ағымы үш кезеңнің дәйекті өзгеруімен жүреді: катаральды, бөртпе кезеңі, реконвалесценция кезеңі. Аурудың алғашқы белгілері инфекциядан кейін 8-12-ші күні пайда болады және қызба, әлсіздік, мұрыннан су ағу, жөтел, көздің шырышты қабығының қабынуымен сипатталады. Бұл кезде беттің шырышты қабығында шекарамен қоршалған ақ дақтар пайда болады (Филатов-Коплик дақтары). Аурудың 4-5-ші күнінде құлақтар мен беттердің артында бөртпелер пайда болады, олар бүкіл бет пен мойынға таралады. Бөртпе алдымен денеде, содан кейін қолдар мен аяқтарда пайда болады. Бөртпе кезінде дене температурасы 39 0С дейін көтеріледі, интоксикация белгілері жоғарылайды, мұрынның ағуы, жөтел, фотофобия күшейеді, ұйқы нашарлайды. 3-4 күн ішінде бөртпе пайда болған ретпен жоғалады.

Қызылшаның асқынуы: соқырлық, қызылша энцефалиті (мидың ісінуіне әкеледі), 1000 жағдайдың 1 кездеседі, пневмония, балаларда жалған тамақ ісіп ауыруының дамуына әкелетін ларингит және ларинготрахеит, қызылша туберкулез ағымын белсендіре алады, отит, жүкті әйелдердегі қызылша ұрықтың жоғалуына әкеледі, 300 баланың 1-і энцефалопатия түрінде қызылшаның асқынуын алады.

Қызылша, әсіресе, ауыр науқастарда, әлсіреген балаларда ауыр өтеді.

**Қызылшаның алдын алу**

Қызылшамен емдеудің нақты әдісі жоқ, сондықтан бұл аурудың алдын-алу шараларын уақтылы қабылдау қажет. Қызылшаның алдын алудың негізгі және тиімді құралы - вакциналық алдын алу. Қазақстан Республикасында өз сипаттамалары бойынша ДДҰ-ның барлық талаптарына сәйкес келетін ел аумағында тіркелген вакциналар қолданылады. Вакцинация профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес жоспарлы тәртіппен жүргізіледі, ол препараттарды енгізу мерзімдерін регламенттейді және бүкіл халықты жоспарлы вакцинациялауды көздейді. Балаларға вакцинация 1 жаста және 6 жаста жасалады. Егер вакцинация уақтылы жүргізілмесе немесе қызылшаға қарсы екпелер туралы ақпарат болмаса, онда ол ересектерге де 3 ай айырмашылықпен 2 кезеңде жүргізіледі. 2023 жылдың қараша айынан бастап республика аумағында қызылшамен сырқаттанушылықтың асқынған эпидемиологиялық жағдайына байланысты 6 айдан 10 айға дейінгі 29 күндік балаларға және 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға қосымша жаппай иммундау жүргізілуде. Қызылшаға қарсы вакцинация 30 жасқа дейінгі (қоса алғанда), ауырмаған, вакцинацияланбаған, бір рет егілген, қызылшаға қарсы екпелер туралы мәліметтері жоқ ересектерге көрсетіледі. Бұдан басқа, қызылшаға қарсы вакцинацияны тәуекел тобына жататын (медициналық және білім беру ұйымдарының, сауда, көлік, коммуналдық және әлеуметтік сала ұйымдарының қызметкерлері), ауырмаған, вакцинацияланбаған, бір рет егілген, қызылшаға қарсы екпелер туралы мәліметтері жоқ 55 жасқа дейінгі ересектер (қоса алғанда) жүргізуі тиіс.

Вакцинаны екі рет енгізгеннен кейін, қызылшамен ауырғаннан кейінгі сияқты, 95% жағдайда бұл инфекцияға тұрақты ұзақ мерзімді иммунитет қалыптасады.

**Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша иммундау**

Бұрын қызылшамен ауырмаған, вакцинацияланбаған, бір рет егілген - жасын шектемей, қызылшамен (ауруға күдік болған кезде) ауыратын науқаспен байланыста болған адамдарға жүргізіледі.

Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша қызылшаға қарсы иммундау науқаспен байланысқан сәттен бастап алғашқы 72 сағат ішінде жүргізіледі.

Қызылша вакцинасы әлсіз реактогенді препарат болып табылады, сондықтан оны жүргізуге қарсы көрсетілімдердің тізімі өте шектеулі. Қарсы көрсеткіштерге бастапқы және қайталама иммун тапшылығы жағдайлары, құрамында қызылша және/немесе паротит компоненттері бар вакцинаны алдын ала енгізуге аллергиялық реакциялар, аминогликозидтер тобынан антибиотиктерге жүйелі аллергиялық реакциялар жатады. ЖРВИ мен ішек инфекцияларының жеңіл түрлерінде вакцинацияны температура қалыпқа келгеннен кейін жүргізуге болады.

Аллергиялық аурулар вакцинацияға қарсы көрсетілімі жоқ. Аллергиямен ауыратындардағы қызылша ауыр болуы мүмкін.

Егер Сіз қандай да бір себептермен балаңызды қызылшаға қарсы екпеген болсаңыз, оны кешіктірмей жасаңыз, өйткені қызылша қауіпті инфекция.

Өз денсаулығыңызға және балаларыңыздың денсаулығына қауіп төндірмеңіз. Қызылшаға қарсы вакцинацияны уақтылы жасаңыз!

**Мүплиха ШИБУЧИКОВА,**
**аудандық саниятариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

# ҚАТЕРЛІ ІСІК – ҚАУІПТІ АУРУ

Онкология - емделмейтін аурулардың бірі. Қатерлі ісік - бұл қатерлі ісік, жасушалардың мутациясын білдіреді, олар жиналған кезде ісік пайда болады. Бұл пайда болу үшін бір маңызды фактор әсер етеді – дененің жалпы жағдайы және иммунитет, ол өз кезегінде біздің денеміздің ауру жасушалармен күресуге төзімділігін көрсетеді. Бірақ бұл әрдайым өлімге әкелмейді, оны емдеуге болады. Бірақ теріс нәтиже жоққа шығарылмайды. Қатерлі ісік адамның кез келген мүшесінде дамуы мүмкін.

2023 жылдың желтоқсан айында Қазақстанда асқазан, ұйқы безі және бауыр обыры туралы хабардар болу айлығы өткізілген болатын.

Асқазан қатерлі ісігі - онкологияның көп таралған түрлерінің бірі, жиілігі бойынша екінші орында. Оның болуын тану өте қиын. Клиникалық көрініске сүйене отырып, тек қалыпты ауру болуы мүмкін. Негізінен жарқын белгілер кеш кезеңдерде пайда болады. Сақ болу және уақтылы медициналық көмекке жүгіну үшін аурудың алғашқы белгілерін тізімдейміз: әлсіздік, летаргия, бас ауруы, жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі, жүрек айнуы мен құсу, ауамен кекіруі, іштің ауырлығы мен ыңғайсыздығы, күйдіргі. Негізгі белгілерге мыналар жатады: өткір және себепсіз салмақ жоғалту, іштің кебуі, тез қаныктыру сезімі, анемия, жүрек айну және құсу, қан кету.



Алдын алу үшін асқазан қатерлі ісігінің пайда болуына әсер ететін қауіп факторларын алып тастау керек: бастау үшін бұл дұрыс тамақтанбау, ол: жануарлардан алынатын майлар мен ақуыздарды (ет, балық, теңіз өнімдері, жұмыртқа және сүт өнімдері) көмірсуларды тұтынудың төмендеуі, (тәтті, газдалған сусындар, чиптер және т. б.), негізінен дәнді және крахмалдан (бидай, күріш, жүгері). Тұзды тұтынудың жоғарылауы. Нитраттарды тұтынудың жоғарылауы (сумен немесе тағаммен). Жаңа піскен жемістерді тұтынудың төмендеуі. Шикі көкөністер мен шөптерді тұтынудың төмендеуі. Темекі шегу. Алкоголь. Әлеуметтік-экономикалық фактор да әсер етеді: әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі, табыстың төмендігі, үлкен отбасылар, ластанған аумақта тұру. Генетикалық бейімділік. Мүмкін, басқа аурулардың аясында асқазан қатерлі ісігінің пайда болуы ықпал етеді, мысалы: қатерлі анемия, созылмалы атрофиялық гастрит, Helicobacter pylori инфекциясы, асқазанға операция.

Ұйқы безінің қатерлі ісігі - қатерлі ісік, ұйқы безінің өзгерген жасушаларынан дамитын басқа қатерлі ісіктердің арасында алтыншы орында.

Бұл аурудың дамуының негізгі қауіп факторлары: қант диабеті, созылмалы панкреатит, созылмалы панкреатиттің пайда болуының негізгі факторы болып табылатын алкогольдік сусындарды алып тастау, семіздік, жыныс (ауру әйелдерге қарағанда ер адамдарда жиі кездеседі), диета (ет көп, холестерин көп, қуырылған тағамдар), тұқым қуалайтын бейімділік, темекі шегу, жасы (60-тан 80 жасқа дейін).

Бастапқы кезеңдерде ұйқы безінің қатерлі ісігінің алғашқы белгілері байқалмайды: қант диабетінің белгілері (шөлдеу, қандағы қанттың жоғарылауы және т. б.), іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырлық немесе ыңғайсыздық, жиі, бос нәжіс, тәбеттің төмендеуі және тез шаршау.

Кеш белгілерге мыналар жатады: іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну, арқаға сәулелену, терінің және көздің ақтығының сарғаюы (бауырдан ішекке өт ағуының бұзылуы бар), жүрек айну және құсу (он екі елі ішектің ісікпен қысылуы нәтижесінде), іштің кебуі, газ және сасық диарея, дене салмағының төмендеуі.

Дегенмен, ұйқы безінің қатерлі ісігінің барлық белгілері спецификалық емес, сондықтан олар пайда болған кезде онкологияны растау немесе жоққа шығару үшін бірқатар тексерулерден (іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуі, ФГДС, контрасты компьютерлік томография) өту керек.

Бауыр қатерлі ісігі - бұл бауыр жасушаларынан олардың өзгеруі нәтижесінде пайда болатын қатерлі ісік. Сондай-ақ адам денсаулығының ең жаһандық проблемаларының бірі болып табылады, ол қатерлі ісіктер арасында әлемде 5-ші және өлім-жітім бойынша 3-ші орында, даму қаупінің негізгі факторы этиологиясына қарамастан бауыр циррозы болып табылады, ол ұзақ уақыт бойы дамып, ағзада қабыну процесін тудырады.

Бұл аурудың белгілері спецификалық емес және басқа ауруларда пайда болуы мүмкін, мысалы, гепатит, цирроз, өт жолдарының қатерлі ісігі. Бауырдың қатерлі ісігінің алғашқы белгілері: тұрақты әлсіздік пен шаршау, іш қату және диарея, салмақ жоғалту, кебулер, жүрек айну, безгегі. Бауыр қатерлі ісігінің белгілеріне мыналар жатады: диарея, іш қату немесе метеоризм, іштің ауыруы, салмақ жоғалту.

Аурудың алдын алу - салауатты өмір салтын ұстану: темекі шегуден, алкогольдік сусындардан қауіп факторы ретінде бас тарту, вирустық гепатиттердің алдын алу және емдеу, канцерогенді химиялық заттардың әсерін шектеу.

Бұл аурулардың пайда болуын болдырмау үшін Сіз өзіңіздің жеке денсаулығыңыз үшін ғана емес, болашақ ұрпақтарыңыз үшін де барлық ұсыныстарды ұстануыңыз керек.

Аурудың ерте кезеңдерінде уақтылы емдеу - ауыр зардаптардың алдын алады.

Егер біз өз денсаулығымызға қамқорлық жасамасақ, ешкім қамқорлық жасамайды!

**Татьяна МАСАЛЫКИНА,**
**жалпы тәжірибе дәрігері (онкологиялық көмек үйлестірушісі).**

БАЙҚАУ

# «МАҒЖАН ЕЛІ ЖЫРЛАЙДЫ» АУДАНДЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ




*19 қаңтар күні «Amanat» партиясы аудандық филиалының ғимаратында аудандық ардагерлер кеңесінің бастамасымен «Мағжан елі жырлайды» атты аудандық әдеби-шығармашылық байқаудың қорытындысы шығарылды. «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» аудандық газеттерінде 5 номинация бойынша жеңімпаз және жүлдегер атанған мағжандықтар марапатқа ие болды.*

Айтулы жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов және «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов сөз сөйлеп, қатысушылардың құнды да қызықты шығармаларын жоғары бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша «Аудан шежіресі» номинациясында «Құралай ауылының тарихы» атты еңбегімен Сабыр Сәрсімов жеңімпаз атанды, ал «менің туған жерімнің сұлулығы» атты аталымда «Көркіңе көз тоймайтын Құралайым» мақаласымен Гүлшат Есетқызы бас жүлдені иеленді. «Саялы аллеялар» номинациясында «Мәңгілік еліме» өлеңімен Медвежка орта мектебінің биология және география пәнінің мұғалімі Жәмила Досова бірінші орынды жеңіп алса, «Мұғалім мен оқушы» өлеңімен Құралай орталау мектебінің тарих пәні мұғалімі Сабыр Сәрсімов екінші, «Мағжаным» өлеңімен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Дінмұхаммед Қалманов үшінші орынды ұтып алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

«Мағжан елі жырлайды» атты аудандық әдеби-шығармашылық байқауы жыл сайын ұйымдастырылатынын еске саламыз, оған кез келген аудан тұрғыны қатысып, өзінің туған жері, отбасы және елді мекені туралы шығарма немесе өлең жазып, туған жерге деген сүйіспеншілігі мен махаббатын жеткізе алады.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

ТАРИХИ ЖӘДІГЕР

# Зылиханың табағы

Музейіміздің қорында Мағжан Жұмабаевтың зайыбы Зылиханың табағы бар. Фарфор ыдыс XIX ғасырда Қытайда жасалған. Ыдыс дөңгелек пішінді, глазурмен безендірілген, түрлі-түсті гүлді ою-өрнек салынған. Табақты музейге Мағжанның немере інісі Тасболат Бекенов тапсырған.

Зылиханың табағын айтып отырған соң өмірінен ақпарат бере кеткенді жөн болар. Зылиха Жұмабаева 1894 жылы Қызылжар қаласында дүниеге келген. Әкесі – Құрманбай, анасы – Жәмилә. Әкесі ерте дүние салады. Шешесі Зылиханы 1913 жылы өзі сүймеген, сырласпаған Хасан Мұхамедияров деген саудагер башқұрт жігітіне ұзатып жібереді. 1919 жылы Хасан сүзек ауруынан Ақмолада қайтыс болады. 1920 жылы қазан айында Зылиха күйеуінің жылын өткізіп, Қызылжарға қайтып келеді. Мағжан мен Зылиханың Қызылжарда неке қиюға мүмкіндіктері болмайды. Екі жақтың ата-анасы олардың қосылуына қарсы болады. Себебі Зылиханың әкесі Құрманбай мен Мағжанның шешесі Гүлсімнің әкесі Әшірбек бір туған, яғни, Мағжан жиен де, Зылиха нағашы.

Мағжанға 1929 жылы жазықсыз жала жабылып, түрмеге қамалады, содан жер аударылады. Зылиха араша түсуін сұрап, М.Горькийге хат жазады. М.Горькийдің және оның әйелі Е.Пешкованың араласуымен 1936 жылы айдаудан босап шыққанымен, қайта ушыққан репрессия тырнағына ілініп, жазықсыздан-жазықсыз 1938 жылы 19 наурызда атылып кетеді. Мағжан Жұмабаевтың жары Зылиха Құрманбайқызы түрмеге қамалған күйеуінің жоқтаушысы, жанашыры бола білді, кейін әдеби мұрасының шырақшысына айналды. Мағжанның әр кездегі баспасөз бетін көрген әдеби мұрасын іздестіруді, жинастыруды қолға алып, Алматы, Ташкент, Қызылорда, Орынбор, Мәскеу, Ленинград, Омбы, Петропавл қалаларындағы мұрағаттарды ақтарады, көз майын тауысып, біраз дүние жинайды.

Ол өзінің бүкіл ғұмырын Мағжанның адал атын халқына қайтаруға арнады. Зорлық-зомбылықты, азапты сүйгенімен бірге шеккен Зылиха Құрманбайқызы 97 жасында дүние салды.

**Самрат ҚҰСКЕНОВ,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.**



АКЦИЯ

# «БІР ЕЛ – БІР КІТАП - 2024»




**Құрметті оқырман!**

«Бір ел – бір кітап - 2024» республикалық акциясы бойынша қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев шығармалары жаппай оқуға ұсынылды. Сонымен қатар биыл Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізілді.

Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізілуде.

Көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазан күні Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген.

Б. Соқпақбаев ең алдымен балалар жазушысы. Балалық пен жастық оның барлық кітаптарының негізі. Соқпақбаевтың шығармалары негізінен автобиографиялық болып табылады.

Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастап «Лениншіл жас», «Қазақ пионері», «Пионер» журналдарында басылып тұрды. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында қызмет атқарды. 1952-1970 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып жұмыс істеді.

Қазақ кино өнерінің алтын қорына енген «Менің атым Қожа» фильмінің сценарийін жазды. 1963 жылы экранға шыққан бұл туынды қазақ кино өнерінің бойтұмарына айналды. 1967 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болды. Фильмнің шыққанына жарты ғасырдан асса да, көрерменін әлі жалықтырған жоқ. Елордада 2022 жылы Балалар жылы аясында қазақ халқының үздік дәстүрлеріндегі бала тәрбиесін бейнелейтін «Менің атым Қожа» туындысының негізінде түсірілген көркем фильмнің кейіпкеріне арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті.

«Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» повестері балаларға арналса, «Бозтөбеде бір қыз бар» жасөспірімдерге, «Өлгендер қайтып келмейді» романы ересектерге арналып жазылған.

Жазушының туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тіліне аударылып, сахнада, экранда көрсетілді. Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларының шет тілдерге аударылуына елеулі үлес қосып жүргендердің бірі – қаламгердің қызы Самал Соқпақбаева. Әкесінің талай шығармасын орыс тіліне аударды.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында, оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портретін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлете білген. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Жазушы «Бұлақ» (1950) өлеңдер жинағы; «Он алты жасар чемпион» (1951); «Бақыт жолы» (1952); «Алыстағы ауылда» повесті (1953); «Менің атым Қожа» повесті (1957); «Бозтөбеде бір қыз бар» (1958); «Әпенденің айласы» (1960); «Балалық шаққа саяхат» повесті (1960); «Дала жұлдызы» (1960); «Аяжан» повесті (1963, орыс тілінде 1965); «Қайдасың, Гауһар?» (1966) повестерін жазды.

Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларымен жақынырақ танысқыларыңыз келсе, аудандық орталық кітапхананың қорынан алып оқуларыңызға болады.

**Сандуғаш БЕКІШЕВА,**
**аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры.**

«СОЛТҮСТІК - 2024» АУДАНДЫҚ ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДАСЫ

# ҚЫСҚЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС



**20 қаңтар күні №2 Булаев орта мектебінің базасында «Солтүстік - 2024» қысқы спартакиадасы аясында қысқы Президенттік көпсайыстан аудандық жарыстардың бірінші кезеңі болып өтті. Жарысқа 12 команда және барлығы 79 спортшы қатысты. Жарыстар тартысты әрі қызықты өтіп, ауыл спортшылары бар өнерлерін ортаға салды.**

Соның нәтижесінде спортшылар жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей жүлделі орындарға ие болды:

**Ерлер арасында 16-17 жас тобында**

1 орын - Шарников Д. (Молодогварейдейский а/о)
2 орын - Шатан А. (Булаев қ.)
3 орын - Бағдәулетов А. (Қарақоға а/о)

**Қыздар арасында 16-17 жас тобында**

1 орын - Нұралина Ж. (Булаев қ.)
2 орын - Трошина Д. (Булаев қ.)
3 орын - Никитина В. (Булаев қ.)

**Ерлер арасында 18-20 жас тобында**

1 орын - Дроздов А. (Молодогварейдейский а/о)
2 орын - Әбдрейісов А. (Лебяжье а/о)

**Әйелдер арасында 18-20 жас тобында**

1 орын - Градылева М. (Возвышен а/о)

**Ерлер арасында 21-23 жас тобында**

1 орын - Тілеуов Б. (Бәйтерек а/о)
2 орын - Заводчиков В. (Булаев қ.)
3 орын - Отаубек Ағман (Қарақоға а/о)

**Ерлер арасында 24-34 жас тобында**

1 орын - Пайзиев Р. (Лебяжье а/о)
2 орын - Вид Я. (Алтын дән а/о )
3 орын - Ахметов А. (Ноғайбай би а/о)

**Әйелдер арасында 24-34 жас тобында**

1 орын - Рузанова Е. (Алтын дән а/о)

**Ерлер арасында 35-39 жас тобында**

1 орын - Астахов А. (Қарақоға а/о)
2 орын - Оралов С. (Қарақоға а/о)
3 орын - Киреев Е. (Алтын дән а/о)

**Ерлер арасында 40-49 жас тобында**

1 орын - Тагиров Р. (Қарақоға а/о)
2 орын - Қанышев А. (Алтын дән а/о)

**Әйелдер арасында 40-49 жас тобында**

1 орын - Бакшеева . (Алтын дән а/о)
2 орын - Карина Е. (Алтын дән а/о)

**Ерлер арасында 50-59 жас тобында**

1 орын - Кравченко Е. (Молодогвардейский а/о)
2 орын-Қожахметов С. (Қарақоға а/о)
3 орын - Форш В. (Алтын дән а/о)

**Ерлер арасында 60 және одан жоғары жас тобында**

1 орын - Подмогильный В. (Қарақоға а/о)
2 орын - Рыспаев М. (Булаев қ.)
3 орын - Демин М. (Алтын дән а/о)

Пневматикалық мылтықтан ату, күштік гимнастика және шаңғы жарысы сайыстарынан тұрған қысқы Президенттік көпсайыс нәтижесі бойынша жалпыкомандалық есепте 1-ші орынды Қарақоға ауылдық округінің командасы (968 ұпай) жеңіп алды, 2-ші орынды Булаев қаласының спортшылары (530 ұпай) иеленсе, 3-ші орынды Алтын дән ауылдық округінің ұжымы (488 ұпай) ұтып алды.

**Жанат ӘУБӘКІРОВ,**
**аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**









# БІР КҮМІС, ЕКІ ҚОЛА

Қаңтар айының 20-23-і күндері Петропавл қаласында 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында бокстан Солтүстік Қазақстан облысының чемпионаты болып өтті. Чемпионатқа Аққайың, Шал ақын, Айыртау, Ғ.Мүсірепов, Жамбыл, Қызылжар, М. Жұмабаев аудандарынан 124 жас боксшы және Петропавл қаласының 4 командасы қатысты. Үш күнге созылған жарыс нәтижесінде жаттықтырушы-оқытушы Е. К. Исмағұлов баптайтын мағжандық боксшылар төмендегідей жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 33 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Шахбозұлы Әділет және 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Андрей Дрюпин 3-ші орын алса, 61 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Сәрсенбай Жансерік 2-ші орынды иеленді. Жаттықтырушы-оқытушыны және оның тәрбиеленушілерін айтулы нәтижелерімен құттықтаймыз!



# ЖАС ШАҢҒЫШЫЛАР ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫНДА



**16-18-ші қаңтар аралығында Петропавл қаласында БЖСМ оқушылары арасында шаңғы жарысы бойынша облыс чемпионаты өтіп, оған облыстың бес ауданы мен Петропавл қаласының командалары қатысты. Барлығы 216 шаңғышы жарысқа шығып, қарлы жолда бағын сынады.**

Жарыстың бірінші күні классикалық стильде А. Шатан жарыс чемпионы атанса, Д. Гаценбиллер қола жүлдені иеленді. Жарыстың екінші күні еркін стильдегі жарыста да А. Шатан жақсы өнер көрсетіп, күміс медаль жеңіп алды. Өз жас топтарындағы эстафеталық жарыстарда В. Никитина және Д. Елисовецкий күміс медальдарды иеленсе, А. Биро, Д. Жантемiров, А. Цой, Д. Гаценбилер қола жүлдегер атанды.

Жаттықтырушы-оқытушылар А.П. Тарабарин мен И.И. Бобылевті және олардың тәрбиеленушілерін табысты өнер көрсетулерімен құттықтаймыз!

**Владимир КУРИШКО,**
**БЖСМ басшысының орынбасары.**



ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕЛГІЛЕРІ



Конституция - елдің Негізгі заңы ретінде, Қазақстан халқының ерік-жігерін, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде елді бекітуге деген ұмтылысын көрсетеді. ҚР Конституциясында бұл тезисті жариялау біздің республикамызда ресми мемлекеттік дін жоқ екенін және бірде-бір дін міндетті немесе басымды деп танылмайтынын білдіреді.

Мемлекет ислам мен православиеге, басқа діндердің конфессияларына бірдей төзімді.

Қазақстан - зайырлы мемлекет, сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық бейбітшілік пен толеранттылықты нығайтуға бағытталған. Біздің ар-ождан бостандығымызға Конституция кепілдік береді. Бұл ретте Қазақстан ресми түрде ғана емес, сонымен қатар санасы тарихи діни төзімділікте қалыптасатын бүкіл Қазақстан халқының табиғаты мен рухы бойынша зайырлы мемлекет болып табылады.

Қазіргі мағынада «зайырлылық» ұғымы:

- мемлекеттің кез келген дінге қатысты бейтараптығы;
- оның кез-келген діннен тәуелсіздігі, сондай-ақ діннің мемлекеттен тәуелсіздігі;
- ар-ождан мен дін бостандығы, дінді зерттеу және сынау бостандығы;
- қандай да бір ресми діннің болмауы және соның салдарынан әр адамның өз қалауы бойынша кез-келген дінді ұстану немесе бірде-бір дінді ұстанбау құқығы;
- мемлекеттік мектептің кез-келген дінінен/конфессиясынан босатылған сипаты.

Зайырлылық дінге қарсы емес. Мемлекеттік-құқықтық салаға қатысты зайырлылық - бұл мемлекеттік немесе қоғамдық институттардың, қоғамдық өмір салаларының сипаттамасы, олардың жалпы азаматтық бағытын, діни санкциядан немесе қысымнан, діни бірлестіктерден немесе бағыныштылықтан тәуелсіздігін көрсетеді.

Зайырлылыққа ұқсас «діни төзімділік» ұғымы бар, ол басқа біреудің дініне төзімділікті, оның өмір сүру құқығын мойындауды білдіреді. Сондай-ақ, бұл «әр адамның басқа діннің ізбасарларына деген бейтарап көзқарасы» деп айтуға болады.

Зайырлы мінез-құлық лайықсыз және азғындық әрекеттерді, сондай-ақ қоғамда ешкім ешкімге жүктемеуі керек діни немесе сектанттық сипаттағы элементтердің мінез-құлқындағы немесе сыртқы түріндегі көрінісін жоққа шығарады. Сонымен қатар, сектанттық уағызшылар көбінесе шіркеулердің жеке өміріне мүмкіндігінше қол сұғуға және олардың ықпалына түскен адамдардың мінез-құлқын мүмкіндігінше өзгертуге тырысады, киім-кешек, тамақ, рәсімдерге өзгерістер енгізу туралы мәжбүрлі ұсыныстардан бастап, адамның ойлауы мен санасына түзетулер енгізуге дейін.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы қоғамның зайырлы табиғаты адамдарға нанымдардың, пікірлердің және сенімдердің айырмашылығына қарамастан жақын жерде өмір сүруге мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді. Сондықтан қоғамның зайырлы сипатын сақтау - бұл игілік пен қажеттілік.

Қазіргі Қазақстан үшін оның зайырлы сипаты егеменді мемлекетте ешқандай міндетті дін жоқ және болуы мүмкін емес дегенді білдіреді. Сонымен бірге ар-ождан, дін бостандығы, діни ұйымдардың қызмет бостандығы кепілдендіріліп, қамтамасыз етіледі.

Зайырлы мемлекеттің белгілері:

- діни бірлестіктер мен олардың иерархтары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйелеріне енгізілмеген;
- мемлекет өзін Құқықтық деп жариялайды және өз азаматтарына ар-ождан, сенім, дін бостандығына кепілдік береді;
- ар-ождан бостандығы, діни нанымдарды таңдау және тарату мәселелері адамның рухани бостандығы мен жеке өмірінің саласы болып табылады, оған мемлекет те, жеке тұлғалар да араласуға құқылы емес. Мемлекет идеологиялық әртүрлілікті жариялайды және қоғамның рухани саласындағы монополизмнен бас тартады;
- қоғам мүшелері дінге, қандай да бір дінге қатыстылығына/не қатысты еместігіне қарамастан құқықтар мен бостандықтардың тең көлеміне ие;
- бірде-бір діни бірлестік мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайды;
- мемлекет діни бірлестіктердің ішкі құрылымын реттеуге қатыспайды;
- діни бірлестіктердің басшы органдарының шешімдерінің жария-құқықтық немесе жеке-құқықтық нормалар мен актілердің күші болмайды;
- діни бірлестіктердің иерархтары мемлекеттік рәсімдерге және басқа да ресми іс-шараларға тек сенушілердің өкілдері ретінде қатысуға тартылады;
- білім беру жүйесі қандай да бір діни ілімдерді міндетті оқытуды қамтымайды, діни бірлестіктер ұйымдастырмайды және бақыламайды.

Мемлекеттік құрылымның зайырлы негіздері республикадағы ар-ождан бостандығының қолданыстағы қағидаттарын тікелей негіздейтінін атап өту маңызды. Зайырлы мемлекет азаматтардың дінді еркін ұстану, оны тарату және насихаттау құқығына заңды түрде кепілдік береді және нақты қамтамасыз етеді.

Ар-ождан бостандығы дегеніміз - мемлекеттің заңдарымен кепілдендірілген адамдардың өз сенімдеріне сәйкес ойлау және әрекет ету, дінге деген көзқарасын өз бетінше анықтау және белгіленген заңдылық пен құқықтық тәртіп сақталған жағдайда әрекет ету құқығы.

Сонымен қатар, мемлекет діни бірлестіктерді әлеуметтік мәселелерді шешуге: алкоголизм мен нашақорлыққа, қылмыстың алдын алуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, отбасын нығайтуға, қоғамда жоғары рухани және адамгершілік ахуал құруға тартуға ұмтылады. Діни бірлестіктерді тікелей қаржыландыруды жүзеге асырмай, мемлекет оларға ғибадат үйлері мен құрылыстарын, негізінен мәдени және тарихи құндылықтарды қайта құруға, жөндеуге көмек көрсете алады.

Діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауды және діни автономия құқығын мойындай отырып, Мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған, азаматтардың, ұйымдардың және тұтастай мемлекеттің заңды мүдделеріне нұқсан келтірген жағдайда діндарлар мен діни бірлестіктердің қызметіне ден қою құқығын өзіне қалдырады. Мұндай жағдайларда мемлекет заңнамада көзделген мәжбүрлеу шараларын қабылдайды.

Осылайша, конституциялық құрылыстың негіздерінің бірі бола отырып, Қазақстан Республикасының зайырлы сипаты идеологиялық және саяси плюрализмді – рухани алуан түрлілікпен толықтырады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы болып табылатын көп ұлтты және көпконфессиялы мемлекет жағдайында мемлекеттің зайырлы қағидаттарын сақтау ерекше өзектілікке ие болатынын атап өткен жөн.

Осыған байланысты Қазақстанның дамуының зайырлы қағидатының мызғымастығын қамтамасыз ету үшін оны барлық қолда бар әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық шаралармен, оның ішінде деструктивті идеологиялар тарапынан шабуылдардан қорғау қажет.

**Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,**
**ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.**

ЦИФРЛАНДЫРУ

# «ҰЛТТЫҚ ҚОР-БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА EGOV MOBILE ДЕРЕКТЕРІН КӨРСЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР



**Egov mobile мобильді қосымшасында «Отбасы» бөлімі қайда жоғалып кетті?», «Балалар туралы деректердің қате көрсетілуін қалай түзетуге болады?», «Ұлттық қордан төлемдерді алу үшін баланың деректерін қай күнге дейін қосуға болады?», «Жеке кабинетте балалар туралы деректер болмаса не істеу керек?» деген сұрақтар бойынша түсініктемелер берілді.**

***Egov mobile мобильді қосымшасында «Отбасы» бөлімін таба алмай жатырмын, не істеу керек?***

- eGov mobile-дағы «Отбасы» бөлімі азаматтарға ыңғайлы болу үшін алынып тасталды және қазір барлық деректерді eGov mobile-дағы «Цифрлық құжаттар» бөлімінен көруге болады. «Цифрлық құжаттар» бөлімі «Менің құжаттарым», «Отбасы» және «Басқа құжаттар» сияқты бөлімдерге бөлінген.

***Егер eGov mobile мобильді қосымшасы балалардың қате деректерін көрсетсе не істеу керек?***

1. Қате анықталған цифрлық құжатты ашыңыз.
2. Жоғарғы оң жақ бұрышта орналасқан батырманы басыңыз.
3. «Қате туралы хабарлау»тармағын таңдаңыз.
4.«Балалар туралы ақпаратты жаңарту» қызметіне өтіп, онда барлық қажетті жолдарды толтырып, туу туралы куәлікті тіркеп, өтінішке қол қою керек. Өтінім 2-ден 5 жұмыс күнінде өңделеді.

***Егер баланың деректері egov mobile мобильді қосымшасында болмаса, ұлттық қордан балаға төлемдер алу үшін баланы қай күнге дейін қосу керек?***

- eGov mobile мобильді қосымшасында бала туралы деректердің болмауы Ұлттық қордан төлем алуға әсер етпейді. Сіз өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта деректерді түзетуге өтініш бере аласыз.

***eGov.kz порталында жеке кабинетте балалардың деректері жоғалып кетті, не істеу керек?***

- Балалар туралы деректерді eGov mobile мобильді қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөлімінде тексеру қажет. Бұл бір көзден ақпарат беру арқылы пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін жасалған.

***Егер eGov mobile мобильді қосымшасында балалар туралы мәліметтер көрсетілмесе не істеу қажет?***

- Цифрлық құжаттарда «Отбасы» бөлімінде «Баланы қосу» батырмасын басыңыз, содан кейін «Балалар туралы ақпаратты жаңарту» қызметі пайда болады, онда барлық қажетті жолдарды толтырып, туу туралы куәлікті тіркеп, өтінішке қол қою керек. Өтінім 2-ден 5 жұмыс күніне дейін өңделеді.

***Егер eGov mobile мобильді қосымшасы болмаса, балалар туралы деректерді қайдан көруге болады?***

- Балаларыңыз туралы ақпаратты танымал банктер қосымшалардағы «Цифрлық құжаттар» бөлімінен көруге болады. Дегенмен, eGov mobile мобильді қосымшасын жүктеп, тіркелуді ұсынамыз, бұл оңай және жылдам.

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2024 жылдың 25 ақпанына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

**ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкіміне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілеспе құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;
- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттікорганбергенкандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2024 жылғы 5 ақпаннан 21 ақпанға дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

**ҮГІТ-НАСИХАТ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

Үгіттік баспа материалдары Газеттерге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңында көзделген көлемде дайын түрде ұсынылады, оған газет иесімен баспа алаңын ұсыну туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қояды.

Егер Газеттер үгіттік баспа материалдары конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру идеяларын жариялауды қаласа, Газеттер оны қабылдаудан бас тартуға құқылы.

**БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ**

Газеттердің баспа алаңын ұсынғаны үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкіміне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 160.00 (жүз алпыс) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Неля ГОНЧАР,**
**«Газета «Вести» ЖШС директоры.**




## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 29 қаңтар

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ШАҢЫРАҚ.
06.30 КҮЙ-КЕРУЕН.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».
13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ.
14.35, 03.40 ДАЛА ДӘМІ.
14.50 АҚОРДА.
15.15 АПТА.
16.05 Т/Х «ЖАТ БАУЫР».
17.00 Т/С «ЖАТ БАУЫР».
20.30, 00.40 ASHYQ ALAŃ.
22.15 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН».
23.10 «1001 ТҮН».
01.35 САНА.

### Сейсенбі, 30 қаңтар

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ШАҢЫРАҚ.
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».
13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ.
14.35, 03.40 ДАЛА ДӘМІ.
14.50 КИЕЛІ QAZAQSTAN.
15.15 БІРЕГЕЙ
16.05 Т/С «ЖАТ БАУЫР».
20.30, 00.40 ASHYQ ALAŃ.
22.15 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН».
23.10 «1001 ТҮН».
01.35 САНА.

### Сәрсенбі, 31 қаңтар

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ШАҢЫРАҚ.
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».
13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ.
14.35, 03.35 ДАЛА ДӘМІ.
14.50 КИЕЛІ QAZAQSTAN.
15.15 БІРЕГЕЙ
16.05 Т/С «ЖАТ БАУЫР».
20.30, 00.40 ASHYQ ALAŃ.
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.35 САНА.

### Бейсенбі, 1 ақпан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 ШАҢЫРАҚ.
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».
13.30, 03.00 ӨМІР КӨРКЕМ.
14.35 ҚАТЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ.
14.50 КИЕЛІ QAZAQSTAN.
15.15 БІРЕГЕЙ
16.05 Т/С «ЖАТ БАУЫР».
20.30, 00.40 ASHYQ ALAŃ.
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.35 САНА.
02.45 «ҚҮТҚАРУШЫЛАР».

### Жұма, 2 ақпан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 02.55 ШАҢЫРАҚ.
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».
13.30, 02.00 ӨМІР КӨРКЕМ.
14.35, 04.05 ОТАНДЫҚ BRAND.
14.50 КИЕЛІ QAZAQSTAN.
15.15, 03.20 БІРЕГЕЙ.
16.05 Т/С «ЖАТ БАУЫР».
20.30, 01.05 ASHYQ ALAŃ.
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.
00.00 PARASAT MAIDANY.

### Сенбі, 3 ақпан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 АУЫЛДАСТАР.
06.30, 17.00 АҚПАРАТ.
07.00 КҮЙ-КЕРУЕН.
07.30 ШАҢЫРАҚ.
08.00 М/Ф «ТОҚТЫ МЕН СЕРКЕ».
09.00, 03.10 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.00 КОНЦЕРТ.
14.30 Т/Х «ДОМАЛАҚ АНА».
16.30, 17.20 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
20.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ».
21.45, 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
01.00 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ 2».

### Жексенбі, 4 ақпан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 АУЫЛДАСТАР.
06.30 ШАҢЫРАҚ.
07.00 КҮМІС КӨМЕЙ.
07.45 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф.
08.35 AQSAÝYT.
09.00 М/Ф.
10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР».
12.10 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ».
14.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.
16.10 ІНЖУ-МАРЖАН.
17.20, 03.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.
20.00, 02.35 АПТА.
20.50, 03.25 АҚОРДА.
21.00 КОНЦЕРТ.
22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».
23.10 «АЙКА», Х/Ф.
01.05 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2».

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 29 қаңтар

05.00 «МОНТЕ-КАРЛО», Х/Ф.
07.00 ОЯН.
10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН.
10.25 «КАСПЕР: ЛЕГЕНДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ», Х/Ф.
11.50 М/Ф «ГАВ-МЯУ».
12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРЛІ ЖҮРЕК».
14.00 Т/Х «ҚАРА ЖӘШІК».
15.00 Т/Х «БӘСЕКЕ».
16.00, 22.30 Т/С «ВЫБОР МАТЕРИ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.20 ТАЛҚЫ.
21.45 Т/Х «ҚАРАСУ».
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 30 қаңтар

05.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
07.00 ОЯН.
10.00 В ФОКУСЕ.
10.25 М/Ф.
11.40 М/Ф «ГАВ-МЯУ».
12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРЛІ ЖҮРЕК».
14.00, 21.45 Т/Х «ҚАРА ЖӘШІК».
15.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
16.00, 22.30 Т/С «ВЫБОР МАТЕРИ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.20 ТАЛҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 31 қаңтар

05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ».
07.00 ОЯН.
10.00 МЕКТЕП.
10.25 М/Ф.
12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРЛІ ЖҮРЕК».
14.00, 21.45 Т/Х «ҚАРАСУ».
15.00 Т/Х «БЭСЕКЕ».
16.00, 22.30 Т/С «ОТПУСК В СОСНОВОМ ЛЕСУ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.20 ТАЛҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 1 ақпан

05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ».
07.00 ОЯН.
10.00 ШКОЛА.
10.25 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
11.00 М/Ф «ГАВ И МЯУ».
11.35 М/Ф.
12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРЛІ ЖҮРЕК».
14.00, 21.45 Т/Х «ҚАРАСУ».
15.00 Т/Х «БӘСЕКЕ».
16.00, 22.30 Т/С «ЗА ВИТРИНОЙ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.20 ТАЛҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 2 ақпан

05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ».
07.00 ОЯН.
10.00 МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР.
11.30 Д/Ф.
12.00, 20.00 Т/Х «ШЕРЛІ ЖҮРЕК».
14.00, 21.45 Т/Х «ҚАРАСУ».
15.00 Т/Х «БЭСЕКЕ».
16.00 Т/С «ЗА ВИТРИНОЙ».
18.00 НОВОСТИ.
18.20 ИТОГИ.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.20 ТАЛҚЫ.
22.30 «МЕЖДУ НАМИ ГОРЫ», Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 3 ақпан

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
07.00 ҮКІМ.
10.00 «МЕЖДУ НАМИ ГОРЫ», Х/Ф.
12.00 М/Ф.
13.25 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ».
13.30 Д/Ф.
14.00 ҚАЗЫНА.
14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2».
19.00 COVER SHOW.
21.00 7 КҮН.
21.40 «КАК УКРАСТЬ БРИЛЛИАНТ», Х/Ф.
00.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.

### Жексенбі, 4 ақпан

05.00 КІМ МЫҚТЫ?
07.00 ҮКІМ.
10.00 «КАК УКРАСТЬ БРИЛЛИАНТ», Х/Ф.
12.00 М/Ф.
13.25 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ».
14.00 COVER SHOW.
16.00 Т/С «КЕЛІНЖАН-2».
18.15 АЛҒАШҚЫ.
19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
21.00 7 КҮН.
21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ.
22.10 «ПРОХОДИМЦЫ», Х/Ф.
00.10 ӘСЕМ ӘНДЕР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 29 қаңтар

06.00, 04.00 ТАМАША CITY.
07.00, 03.15 «П@УТINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.50 Т/С «КАМЕНСКАЯ».
14.00, 01.30 НОВОСТИ.
14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «РОЗЫСК».
00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Сейсенбі, 30 қаңтар

06.00, 04.00 ТАМАША CITY.
07.00, 03.15 «П@УТINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.50 Т/С «КАМЕНСКАЯ».
14.00, 01.30 НОВОСТИ.
14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «РОЗЫСК».
00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Сәрсенбі, 31 қаңтар

06.00, 04.00 ТАМАША CITY.
07.00, 03.15 «П@УТINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.50 Т/С «КАМЕНСКАЯ».
14.00, 01.30 НОВОСТИ.
14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «РОЗЫСК».
00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Бейсенбі, 1 ақпан

06.00 ТАМАША CITY.
07.00, 03.15 «П@УТINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.50 Т/С «КАМЕНСКАЯ».
14.00, 01.30 НОВОСТИ.
14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «РОЗЫСК».
00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Жұма, 2 ақпан

06.00 ТАМАША CITY.
07.00, 03.30 «П@УТINA».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «НЕВЕСТА С ЗАПРАВКИ».
14.00, 01.30 НОВОСТИ.
14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE.
20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС.

### Сенбі, 3 ақпан

06.00, 03.15 ТАМАША CITY.
08.05, 02.30 «П@УТINA».
09.00 «СТАРШАЯ ЖЕНА», Х/Ф.
11.00 «ОТЧАЯННЫЙ ДОМОХОЗЯИН», Х/Ф.
14.55 «МАРУСЯ ФОРЕVA», Х/Ф.
16.35 ЛУЧШЕ ВСЕХ!
18.30, 02.00 АЙНА.
19.00, 23.00 «X FACTOR».
20.45, 23.30 «Я НЕ ВЕРЮ», Х/Ф.
01.15 «ЭКСКЛЮЗИВ» С Д. БОРИСОВЫМ.

### Жексенбі, 4 ақпан

06.00, 03.45 ТАМАША CITY.
07.30 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
07.40, 03.05 «П@УТINA».
08.40 БЕЙКҮНӘ.
10.25 QAЙМАҚ.
11.00 «СОЛЕНАЯ КАРАМЕЛЬ», Х/Ф.
14.50 X FACTOR.
17.00, 02.05 ӘГУГАЙ.
18.00 «СО ДНА ВЕРШИНЫ», Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 «РЫСЬ», Х/Ф.
00.20 КВН.

*Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.*
Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

*Тәрбие басы – тіл.*
Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

*Адамның ең ұлы қасиеті - бақытты болуға талпынуы.*
Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ОТБАСЫ БАНКТЕ БІЛІМ БЕРУ ДЕПОЗИТІН АШУҒА БОЛАДЫ




**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасы орынбасарының бұйрығына сәйкес, "Отбасы банк" АҚ-на ("Бәйтерек" холдингінің еншілес ұйымы) операциялардың қосымша түрлерін қоса отырып, лицензия берілді.**

Атап айтсақ:

- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге;

- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сенімгердің мүддесі мен тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операцияларын жүргізуге.

Бұл дегеніміз, Отбасы банкі мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің (МББЖЖ) қатысушысы болады және 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап қазақстандықтар банкте "AQYL" білім беру жинақтау салымын аша алады.

Бұл депозиттің мақсаты – азаматтарымыздың өз біліміне немесе балаларының біліміне қаражат жинау. Осы депозиттің көмегімен қазақстандық немесе шетелдік ЖОО-да оқу ақысын төлеуге болады.

"AQYL" білім беру жинақтау салымын кемінде 3 жыл немесе 5 жыл мерзімге ашуға болады. Егер депозит кемінде үш жыл мерзімге ашылса, онда депозит бойынша мөлшерлеме жылдық 12%-ға тең болады.

Егер депозит кемінде 5 жыл мерзімге ашылса, онда депозит бойынша мөлшерлеме 9,5%-ға тең болады.

Банктің есептелген сыйақысы ай сайын капиталдандырылады.

Депозит мерзімі аяқталғаннан кейін ол автоматты түрде жаңартылады.

Білім беру жинақтау салымы туралы жаңадан жасалатын шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінің өзгеруіне және нарықтағы қаржы құралдарының ағымдағы кірістілігіне байланысты қайта қаралатын болады.

- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі – бұл білім алуға қаражат жинақтауға көмектесетін бірегей жоба. Қазақстанда ол 10 жылдан бері жұмыс істейді. Қазір басқа банктерде бұрын ашылған 14 мыңнан астам "AQYL" білім беру жинақтау салымдары бар. 1 ақпаннан бастап депозит ашып, өз біліміне немесе балаларының біліміне ақша жинауды Отбасы банкінде де бастауға болады. Бұл істе қазақстандықтарға мемлекеттік сыйлықақыны да есептей отырып, мемлекет те көмектесетін болады. Салымшылардың барлық санаттары үшін ол 5% құрайды. Бірақ жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, көп балалы отбасылардан шыққан және жан басына шаққандағы табысы аз, яғни азық-түлік себетінен төмен отбасыларға ашылған депозиттерге мемлекеттік сыйлықақы 7% мөлшерінде есептеледі, - деп түсіндірді Отбасы банкінің Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МББЖЖ) туралы заң бойынша жыл сайын депозитке есептелетін сыйлықақының ең жоғары мөлшері 100 АЕК-тен (2024 жылға 369 200 теңге) артық сомадан аспауға тиіс.

Мемлекеттік сыйлықақы жинақтаудың ең аз мерзімі 1 жыл болғанда есептеледі, яғни мемлекеттік сыйлықақыны есептеу үшін салым бір жылға толуы тиіс.

Депозит ашылған кезде міндетті бастапқы жарнаның мөлшері үш айлық есептік көрсеткішке тең. 2024 жылы АЕК мөлшері 3 692 теңгеге тең. Осылайша, депозитті ашқан кезде бірден 11 076 теңге салу қажет болады.

Салымшының бір ғана қолданыстағы білім беру депозиті болуы мүмкін.

"AQYL" білім беру жинақтау салымы мемлекет пен үшінші тұлғалардың өндіріп алуынан қорғалған, сондай-ақ ол Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорында сақтандырылған. Грант алған кезде жинақтаушы депозитті жабуға және мемлекеттік сыйлықақыны қоса алғанда, жинақтаудың барлық сомасын алуға болады.

Сондай-ақ, Отбасы банкінің лицензиясына операциялардың тағы бір түрі енгізілген: тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтау төлемдерін есепке алуға арналған жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу және жүргізу. Бұл жағдайда біз Отбасы банкінің "Ұлттық қор – балаларға" жобасына қатысуы туралы айтып отырмыз. 2024 жылдың ақпан айынан бастап enpf-otbasy.kz платформасы арқылы, биылғы жылы 18 жасқа толған азаматтар тағайындалған қаражатты пайдалана алады. Бағдарламаға қатысушылар онлайн режимінде өз жинақтарын келесі мақсаттарға бағыттай алады:

- өз қаражатын пайдалану мүмкіндігімен тұрғын үйді сатып алу;
- ипотекалық қарызды толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу;
- ипотекалық қарыз алу үшін бастапқы жарнаны енгізу, оның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Отбасы банкіндегі депозитті толықтыру;
- "AQYL" білім беру депозитін толықтыру;
- Қазақстанда оқу ақысын төлеу;
- басқа елдерде оқу ақысын төлеу;
- оқу несиесін төлеу.

**«Отбасы банк» АҚ баспасөз қызметі.**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

# «ТАСЫМАЛДАУШЫ»



«Тасымалдаушы» ЖПІШ өту барысында Петропавл ст. ЖПб қарамағындағы желілік полиция бөлімшелерінде профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде.

Петропавл станциясындағы ЖПб қарамағына кіретін Мамлют ст., Булаев ст. ЖП бөлімшелерінде және Смирнов станциясында қызмет атқару аумағында ағымдағы жылдың қаңтар айының 22-24 аралығында жолаушылар және қала маңы электр поездарында, қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстарды ескерту және жолын кесу мақсатында «Тасымалдаушы» ЖПШ өтуде.

Шараның өту барысында №75 «Қызылорда-Петропавл» бағытындағы жолаушылар поезында Петропавл ст. ЖПб бастығының орынбасары полиция полковнигі Т.Я.Ахмеров СҚКП өкілдерімен бірлесіп жолаушылармен «жолдағы кездесу» өткізді. Кездесу барысында жолаушыларға өткізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шарасының басты мақсаты жайында айтып өтті. Барлық көкейтесті мәселелер бойынша кездесуге қатысқан жолаушыларға поезд жолсеріктеріне тиянақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, жол жүру кезінде жол қауіпсіздігін сақтауға аса көңіл бөлу, атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтылды. Жолаушылармен сұхбат кезінде темір жол вокзалдарында, жолаушылар поездарында жасалатын қылмыс түрлеріне мысалдар келтірілді. Барлық қойылған сұрақтар бойынша тиянақты жауап берілді. Кездесу соңында барлық қатысушыларға жадынамалар таратылды.

Ал Мамлют ст. ЖП бөлімшесінің бастығы полиция капитаны А.Рахиев «Петропавл-Қорған» электро поезының Мамлют станциясында тұрған кезінде Мамлют станциясы бастығы С.К. Бесеновамен «көліктегі темір жолда жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтармен құқық бұзу профилактикасы жайында» атты тақырыпқа жұмыс кездесуін өткізді.

Дәл осы мезетте Смирнов станциясында патрульдік полиция тобының полицейі полиция аға сержанты А.Қощыбаев ҚТЖ Смирнов бөлімшесі жұмысшыларымен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ал Булаев ст. ЖП бөлімшесі бастығы, полиция аға лейтенанты Ә. Әліппаев «Аманат» партиясының өкілі Е.Мокейдің қатысуымен «Петропавл-Есілкөл» бағытындағы №6974 қала маңы электр поезында жолсеріктермен «Жолдағы кездесу» өткізіп, өтіп жатқан «Тасымалдаушы» ЖПШ маңызын түсіндірді.

**Петропавл станциясындағы желілік полиция басқармасы.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ АРҚЫЛЫ «ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ ТІРКЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ



"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік қызметі электрондық немесе қағаз форматта көрсетіледі. Қызмет көрсету тәсілдерінің бірі - электрондық еңбек биржасының порталы болып табылады.

"Электрондық еңбек биржасы "порталы арқылы "Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік қызметін алу үшін:

1. Ізденуші enbek.kz портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңба немесе СМС-код-пароль болған кезде жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.
2. enbek.kz порталындағы "Жеке кабинетте" ізденуші өзінің тұрғылықты жеріне сәйкес келетін мансап орталығын таңдайды.
3. enbek.kz порталда ізденуші енгізген жеке сәйкестендіру нөмірі негізінде ізденуші туралы дербес ақпарат алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу қалыптастырылады.
4. enbek.kz порталындағы "Жеке кабинетте" ізденуші жеке деректерді көрсете отырып, жұмыс іздеп жүрген тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу қызметін алуға өтінімді толтырады.
5. enbek.kz порталында ізденушіні жұмыс іздеуші ретінде тіркеу автоматты түрде жүзеге асырылады.
6. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу туралы ақпарат "Еңбек нарығы" ААЖ-ға ізденушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына түседі. "Еңбек нарығы" ААЖ-да жұмыс іздеп жүрген адамның жұмыспен қамтылуының жеке картасы автоматты түрде қалыптастырылады.
7. enbek.kz порталы жұмыс іздеп жүрген адамға жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарламаны enbek.kz порталындағы "жеке кабинетке" жібереді, сондай-ақ хабарландыруды ұялы байланыстың абоненттік құрылғысына беру арқылы жүзеге асырылады.
8. enbek.kz порталы жұмыс іздеп жүрген адам тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5 тарауының 4 параграфына сәйкес бос орындарды автоматты түрде таңдайды.
9. Жұмыс іздеп жүрген адам enbek.kz порталы және мансап орталығы арқылы алынған бос жұмыс орындарына жауап береді.

Жұмыс іздеп жүрген адам мансап орталығын, ал ауылдық елді мекенде тұратын адам – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған лайықты жұмыстың келісімі немесе одан бас тартуы туралы хабарлайды.

**Мағжан Жұмабаев ауданының мансаптық ортылығы.**

# 2024 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі - Конюшевский Александр Андреевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел. 2-71-33.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**



«Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-71-33.**

Директор - бас редактор Нели ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 810

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады